Бекітемін

Меңгеруші

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 – 2024 оқу жылына ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Гүлдер-ай» ересек тобы

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған калыпта колдарын аркасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалкаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аякты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан (4–5 рет) жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұска көтеріп, отыру; аяқтың ұшын созу, табанды бүгу. **Негізгі қимылдар:** Жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, баска қимылдармен кезектестіру, қол мен аяк қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау. Жүру: өкшемен, аяқтың сырткы қырымен, адымдап, жан-жакка косалқы қаламмен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяк қимылдарын үйлестіру. **Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:** Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау. **Спорттық жаттығулар:** Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау; **Спорттық ойын элементтері:** Кегль ойындарына үйрету. Бастапқы калыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру. 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру. **Дербес қимыл белсенділігі:** Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Тыныс алу жолдарын шынықтыру, жалаң аяқ жүру. **Мәдени- гигиеналық дағдылар:** ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. **Гигиеналық шараларды орындау:** жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдануын пысықтау
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. **Сөздік қор:**

		Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). **Байланыстырып сөйлеу:** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.
Көркем әдебиет		Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету. Әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру.
Қазақ тілі		**Тілдік дамытушы орта:** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. **Сөздік қор:** Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу:** Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген

		зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.
	Математика негіздері	**Жиын:** Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.
	Сурет салу	Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.
	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: Түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу.
	Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды киюды үйрету.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру,орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.
	Музыка	Музыка тыңдау. Әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту; Ән айту. -әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру; Музыкалық-ырғақтық қимылдар. -би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру; Билер. Ойындар, хороводтар.

	Қоршаған ортамен танысу	**Бала, оның отбасы, үй** Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, колдарын аркасына апару: колдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; колдарын алға-артқа сермеу; колды иыққа койып, шынтактарын бүгіп, колдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусактарды жұму және ашу, колдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. **Негізгі қимылдар:** Жүру. Өкшемен, аяктың сырткы қырымен, алымдап, жан-жаққа косалқы кадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және каркынды өзгертіп жүру, кол мен аяк қимылдарын үйлестіру. **Тепе-теңдікті сақтау:** Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренеңің бойымен жүру. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық касиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру**: Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. **Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:** Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі каркында таныс дене жаттығуларын орындау. **Спорттық жаттығулар:** Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед,самокат тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау. **Спорттық ойын элементтері:** Футбол. Берілген бағытта допты домалату. Допты аяктарымен бір-біріне домалату; **Дербес кимыл белсенділігі:** Балалардың доптармен ойындарын жетілдіру. Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы кимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Тыныс алу жолдарын шынықтыру, жалаң аяқ жүру. **Мәдени- гигиеналық дағдылар:** Бұрын игерген біліктерін бекіту және олардың орындалу сапасын жоғарылату

	Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу:** Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
Математика негіздері	**Сан, санау:** 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бірбіріне арақатынасын беру.
Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.
Жапсыру	Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.
Құрастыру	Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту,

Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. **Сөздік қор:** Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). **Байланыстырып сөйлеу:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
Көркем әдебиет	Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.
Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта:** Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор:** Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы:**

		құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.
	Музыка	Музыка тыңдау. Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам). Ән айту. Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Билер. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау.
	Қоршаған ортамен танысу	**Заттық әлем:** Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. **Байланыс және қозғалыс құралдары:** Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. **Еңбекке баулу:** Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие:** Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. **Менің Отаным – Қазақстан:** Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. **Жолда жүру ережелері:** Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру, белге қою, кеуде тұсына қою, қолдарын алға-артқа сермеу, қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолын білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. **Негізгі қимылдар:** Секіру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру), 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; бір орында оңға, солға бұрылып секіру, баланың қолын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орынып секіру арқылы затты жанап өту, 4–5 сызық арқылы орынып ұзындыққа секіру (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см), 20–25 см биіктікке секіру; бір аяқпен секіру (шамамен 4–5 рет он және сол аяқпен). Қысқа секіртпемен секіру (демалу үзілістері бар 2–3 реттен 10 секіру). **Салауатты өмір салтын қалыптастыру**: Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын алуға болатынын түсіну. **Спорттық жаттығулар:** Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед,самокат тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау. **Қимылды ойындар:** Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. **Мәдени-гигеналық дағдылар:** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, кол орамалды пайдалана білуді бекіту.

Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. **Сөздік қор** Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы антоним сөздермен байыту. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). **Байланыстырып сөйлеу:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
Көркем әдебиет	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.
Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта:** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне

		тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор:** Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. ***Байланыстырып сөйлеу:*** Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
	Математика негіздері	**Шама:** Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. **Геометриялық фигуралар:** Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең).
	Сурет салу	Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Балалардың гүлдер,

		қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, анық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).
	Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.
	Жапсыру	Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.
	Құрастыру	Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.
	Музыка	Музыка тыңдау. Жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. Ән айту. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.

	Қоршаған ортамен танысу	**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары:** Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейту. **Жануарлар әлемі:** Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қыска бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру. Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Кеудеге арналған жаттығулар. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жаткан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. **Негізгі қимылдар:** Домалату, қағып алу, лақтыру. Заттар арасымен допты, құрсауларды домалату. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта), допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру (2 м қашықтықтан). Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). Алысқа дәлдеп лақтыру (3,5–6,5 м кем емес). Оң және сол қолымен көлденең нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықтан тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға дәлдеп лақтыру. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру**: Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кенейту. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен үйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кенейту. Құлап қалған кезде өзіне карапайым көмек көрсетуге, наукастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу **Спорттық жаттығулар:** Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру, ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. **Дербес қимыл белсенділігі.** Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. **Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету

		Сөздік қор: Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). **Байланыстырып сөйлеу:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
Көркем әдебиет		Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру.
Қазақ тілі		**Тілдік дамытушы орта:** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қаркынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, г дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор:** Кітапған ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Етістіктің болымсыз түрін немесе сөзімен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу:** Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
	Математика негіздері	**Кеңістікті бағдарлау:** Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты

		орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). **Уақытты бағдарлау:** Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
	Сурет салу	Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.
	Мүсіндеу	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
	Жапсыру	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
	Құрастыру	Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
	Музыка	Музыкалық-ырғақты қимылдар Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Билер Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау.
	Қоршаған ортамен танысу	**Менің Отаным – Қазақстан:** Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. *Отан қорғаушылар*, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие:** Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу.

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Аякка арналған жаттығулар. Аяқтың ұшына көтерілу және түру. Екі аякты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған капшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аякты кезек көтеру. **Негізгі қимылдар:** Еңбектеу, өрмелеу: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға карай еңбектеу; табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; құрсаудан еңбектеп өту; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, *бөрене және гимнастикалық скамейкалан аттап өту.* **Спорттық жаттығулар:** Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау, бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. **Дербес қимыл белсенділігі.** Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. **Қимылды ойындар:** Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:** Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. **Сөздік қор:** Айналасындағы заттармен сөздік қорды кенейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде.

	жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). **Байланыстырып сөйлеу:** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.
Көркем әдебиет	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.
Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта:** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. **Сөздік қор:** Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу:** Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру.
Математика негіздері	**Жиын:** Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.
Сурет салу	Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.
Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.
Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ

		элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бөлшектерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру,орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеністікте орналасуын айқындау.
	Музыка	Музыкалық-ырғақты қимылдар Музыканың ырғағын нақты бере отырып, кос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Билер Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. *Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау.*
	Қоршаған ортамен танысу	**Бала, оның отбасы, үй:** Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»). Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын аркасына апару: қолдарды төмен түсіру, белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. **Негізгі қимылдар:** Тепе-теңдікті сақтау. Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық), сызықпен, арқанмен, тақтаймен, гимнастикалық орындықпен, бөренемен жүру. Басқа қап киіп, заттарды аттап өту, бұрылу. Тепе-теңдікті сақтау: қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру; қолын белінe қойып, бір аяқпен тұру; қолын белінe қойып, екі жаққа айналу. Ойлы-қырлы тақтаймен жүру, көлбеу тақтаймен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүру мен жүгіру. Еденнен 20–25 см көтерілген баспалдақ тақтайдан, қолдың түрлі қалпымен үрленген доптан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру**. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кенейту. Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кенейту. Құлап қалған кезде өзіне карапайым көмек көрсетуге, наукастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу **Спорттық жаттығулар:** Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. **Дербес қимыл белсенділігі.** Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу. Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау. **Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. **Сөздік қор:** Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кенейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. **Тілдің грамматикалық құрылымы:**

	Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). **Байланыстырып сөйлеу:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнеленген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
Көркем әдебиет	Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, *шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап* беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.
Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта:** Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор:** Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «женге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу:** Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
Математика негіздері	**Сан, санау:** 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бірбіріне аракатынасын беру.

	Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.
Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.
Жапсыру	Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды қалыптастыру. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.
Құрастыру	Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.
Музыка	Музыкалық-ырғақты қимылдар Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру. Билер Билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану, музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту.

	Қоршаған ортамен танысу	**Заттық әлем:** Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. **Еңбекке баулу:** Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гүлдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан (4–5 рет) жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, отыру; аяқтың ұшын созу, табанды бүгу. **Негізгі қимылдар:** Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі катарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру Жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау. Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы кадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. **Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:** Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау. **Спорттық жаттығулар:** Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау. **Спорттық ойын элементтері:** Кегль ойындарына үйрету. Бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру. 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру. **Дербес қимыл белсенділігі:** Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Тыныс алу жолдарын шынықтыру, жалаң аяқ жүру. **Мәдени- гигиеналық дағдылар:** Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Гигиеналық шараларды орындау: жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдануын пысықтау.

Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. **Сөздік қор** Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы антоним сөздермен байыту. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). **Байланыстырып сөйлеу:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөніл-салмақты) ынталандыру.
Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта:** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және калыпты қаркынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор:** Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы»,

	«түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. **Байланыстырып сөйлеу:** Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
Математика негіздері	**Шама:** Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.
Сурет салу	Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кенейту. Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.
Мүсіндеу	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек,

		сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Жапсыру		Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.
Құрастыру		Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
	Музыка	Балалар музыкалық аспаптарында ойнау Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Билер Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау. Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.

Қоршаған ортамен танысу		**Заттық әлем:** Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. **Еңбеккке баулу:** Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардын еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты карауға баулу. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (каламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азықтүлік өнімдеріне ұқыпты карауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен карауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие:** Қарапайымдылыкка, мейірімділікке және әділлікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. **Жануарлар әлемі:** Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды коректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шықылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырска), қыстап калатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту.

Ұйымдастырылған іс-әрекет		Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын аркасына апару: қолдарды төмен түсіру, белге қою, кеуде тұсына қою, қолдарын алға-артқа сермеу, қолды ыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, ықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. **Негізгі қимылдар:** Домалату, қағып алу, лақтыру. Заттар арасымен доптарды, құрсауларды домалату. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта), допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру (2 м қашықтықтан) Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). Алысқа дәлдеп лақтыру (3,5–6,5 м кем емес) Он және сол қолымен көлденең нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықтан тігінен (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға дәлдеп лақтыру. **Тепе-теңдікті сақтау:** Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренеңін бойымен жүру. **Қимылды ойындар:** Балалардың доптармен, құрсаулармен, ойыншықтармен ойындарын жетілдіру, денешынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындар үшін атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға ынталандыру.Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т б.) дамыту. **Салауатты өмір салтын қалыптастыру:** Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. **Музыкалық-ырғақтық жаттығулар:** Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дене жаттығуларын орындау. **Спорттық жаттығулар:** Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед,самокат тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау. **Спорттық ойын элементтері:** Футбол. Берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалату; **Дербес қимыл белсенділігі:** Балалардың доптармен ойындарын жетілдіру. Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Тыныс алу жолдарын шынықтыру, жалаң аяқ жүру. **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Бұрын игерген біліктерін бекіту және олардың орындалу сапасын жоғарылату.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. **Сөздік қор:**

	Балаларды қазақ халқының конакжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ қаде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). **Байланыстырып сөйлеу:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету. затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
Көркем әдебиет	Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.
Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта:** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор:** Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу:** Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
Математика негіздері	**Геометриялық фигуралар:** Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы

	бойынша тең)
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бірбіріне арақатынасын беру. Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту.
Мүсіндеу	Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.
Жапсыру	Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ерсектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру,орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Музыка	Музыкалық-ырғақты қимылдар Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру. Билер Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.

Қоршаған ортамен танысу	**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары:** Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, бұршақ, кемпірқосақ) кенейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. **Жолда жүру ережелері:** Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кенейту. Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. **Негізгі қимылдар:** Секіру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру), 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; бір орында оңға, солға бұрылып секіру, баланың қолын көтергендегі биіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жанап өту, 4–5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіру (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см), 20–25 см биіктікке секіру; бір аяқпен секіру (шамамен 4–5 рет оң және сол аяқпен). Қысқа секіртпемен секіру (демалу үзілістері бар 2–3 реттен 10 секіру). **Салауатты өмір салтын қалыптастыру**: Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну. **Спорттық жаттығулар:** Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед,самокат тебу. Оңға, солға бұрылыстарды орындау. **Қимылды ойындар:** Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік,ептілік және т.б.) дамыту. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Бұрын игерген біліктерін бекіту және олардың орындалу сапасын жоғарылату. Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. Гигиеналық шараларды орындау: жуыну, шашын тарау, қолды сабынмен жуу, қол орамалды қолдану.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам

	сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. **Сөздік қор:** Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналаскан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы антоним сөздермен байыту. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). **Байланыстырып сөйлеу:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
Көркем әдебиет	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық

		танытуға баулу. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігі,н сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру.
Қазақ тілі		**Тілдік дамытушы орта:** Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:** Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор:** Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің ісәрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. **Тілдің грамматикалық құрылымы:** Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.

	Байланыстырып сөйлеу: Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
Математика негіздері	**Кеңістікті бағдарлау:** Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта козғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды он колмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). **Уақытты бағдарлау:** Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кенейту.
Сурет салу	Балалардың гүлдер, коршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (кажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы аракашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.
Мүсіндеу	Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Жапсыру	Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.
Құрастыру	Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
Музыка	Ән айту

		Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу. Билер Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету. Өткенді қайталау.
	Қоршаған ортамен танысу	**Өсімдіктер әлемі:** Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту,суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. **Жануарлар әлемі:** Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы, қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шықылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау. Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) ұғымдарын кеңейту. Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау) баулу. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таянышпен ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).

Бекітемін

Меңгеруші

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы

Тобы «Гүлдер-ай» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 1.09. 2023 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма 01.09.2023
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу.				
					Таңертеңгі әңгіме картотекасы № 1 «Өткізілген демалыс күндері туралы әңгіме» **Мақсаты:** балалардың белсенді сөйлеу қарым-қатынасына, сөйлеу барысында эмоцияларын білдіруге, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамытуға талпыныстарын ынталандыру. *(сөйлеуді дамыту-*

					қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)
Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру					
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету,тағы басқа іс-әрекеттер)					**Үстел үсті ойындары картотекасы №2** **Лото «Өсімдіктер»** **Мақсаты:** балаларды өсімдіктерді өсу ретіне қарай білуге үйрету; ол қай жерде өседі; балалардың көкөністер мен жемістер, гүлдер туралы білімдерін бекіту. *(қоршаған ортамен таныстыру-танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)*
Таңертенгі жаттығу	**КАРТОТЕКА №1 ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ** Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары. **Мақсаты:** баланың организмін«оятy», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.				
Таңғы ас					**Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. **Көркем сөз:** Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесең. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. (Көркем әдебиет-қарым-қатынас іс-әрекеті) **Кезекшілер жұмысы:** Дамир Айбар мен Бекзат Жаннұрға ас ішу

					құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.				
					Картотека №2 Саусақ жаттығуы: «Мысық пен тышқан» Оң қолым тышқан болсын, Сол қолым мысық болсын, Саусақтарды жаттықтырып, Мысық-тышқан ойыны болсын. Тышқан жерді тырнайды. Мысықты алдайды, Құйрығымен мысықты. Тышқан түртіп, зып етті, Мысық оны күтіп отыр, Тышқан інде күліп отыр. Балалар саусақтарын біріктіріп, қарама қарсы ұстайды, оң қолы тышқан, сол қолы мысық. Саусақтармен мысық пен

					тышқанның бейнесін жасайды. Сөзіне сәйкес қимыл жасау. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері-қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет					**Дене шынықтыру** Мақсаты: Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын аркасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу; аяқтың ұшын созу, табанды бүгу. **№1 жалпы дамытушы жаттығулар кешені.** 1. "Аяқта" Б.қ.: аяқтар иық енінен бөлек, қолдар төмен түсіріледі. 1-бас оңға (солға) еңкею, оң (сол) аяғы саусаққа қарай бүйірге қарай, оң (сол) қолды бүйірге көтеру; 2-Б.қ.. 6-8 рет қайталау. 2. Жан-жаққа еңкею Б.к.: сондай-ақ, қолдар

						иыққа. 1-оңға (солға) еңкейту, 2-б.к., 3-Қолмен оңға (солға) еңкейю, 4-б. к. 4-6 рет қайталау. 3. Төмен еңкею Б.к.: бірдей. 1-Алға, қолды бүйірге, 2-б.к., 3-төмен еңкею, еденге жету; 4-б.к. 4-6 рет қайталау. 4. "Аяққпен ойнаймыз" Б.к.: еденде отыру, аяқтар бірге, қолдың артқы жағы. Сонымен катар, аяқтарды көтеріп, төмендету. 5. «Қайшылар» Б.к.: шалқада жатып. Тікелей аяқтардың крест қозғалысы. 6. «Қайық» Б. к.: ішпен жатып, қолдар түзу созу. 1 - тік қолдар мен аяқтарды көтеріңіз,арқаңызды бүгіңіз, 2-І. Р. 6-8 рет қайталау. 7. «Бұрылыстар» Б. к.: тұру, аяқтар иық енінен бөлек, қолдар иыққа. 1-оңға (солға) бұрылу, оң (сол) қолды артқа, алаканға карау,2-и.п. 6-8 рет қайталау. 8. «Секіру» Б. к.: бір аяғы алдыға, екіншісі артқа, қолдары белде. Секіру кезінде аяқтарын ауыстыру. Тыныс алу жаттығуларымен немесе

					жаяу жүрумен ауыстыру.
					Ғажайып сәт: «Дымбілмес» конакка келеді. Балаларға сумкасындағы карындаштар мен альбомдарды көрсетіп, не үшін пайдаланатынын білмейтінін айтады. Суретті кітаптар, қаламдар, түрлі түсті қағаздар, желім және ермексазды береді. Балалардың қалауы бойынша кітап қарау, балабақша қызметкерлері, мамандықтар туралы әңгімелеу **(көркем әдебиет-қарым-қатынас іс-әрекеті)** «Балабақша» өлеңін жаттау **(сөйлеуді дамыту-** коммуникативті қызмет), әр бала таңдауы бойынша кітаптың суретін салу, жасыру, мүсіндеу **(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу - шығармашылық іс-әрекет)** «Балабақша» әні https://youtu.be/ml-Cm9Nqqdk **(музыка-шығармашылық қызмет)**
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары,				

	үлкен және ұсақ мотрикаңы дамыту) - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру				
Серуен					**Аспан мен бұлттарды бақылау** Мақсаты: «бұлт» ұғымын, ауа-райының бұлттардың болуына тәуелділігін талдау. (коршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік, зерттеу іс-әрекеті) **Көркем сөз:** **«Кім не дейді?»** **А.Асылбеков** – Бұлт, неге келесің, Күнді бүркеп, төнесің? – Айналамын жаңбырға! – Жаңбыр, жерді көлдетіп, Неге жаудың селдетіп? – Майса төгем бар қырға! – Майса, неге шығасың, Жерді зерлеп тұрасың? – Бермек едім гүлгүлді! – Гүл, жұпар боп шашылдың, Сен кім үшін ашылдың? – Таппақ едім бұлбұлды! – Бақтың сәні, бұлбұлым, Неге керек бұл гүлің? – Гүлді көрсем қуанып, Гүлден тәтті үн алып, Сені ұйқыдан оятам, Таң нұрына боятам! **«Сақинаны тап» қимылды ойыны**

					Мақсаты: дәлдікті, қимылдарды үйлестіруді дамыту. (ойын, қозғалыс қызметі) **Еңбек:** балабақшаға апаратын жолдарды сыпырады. (еңбек қызметі) **Математика бойынша жеке жұмыс** Мақсаты: заттарды көлемі бойынша топтастыру. (ойын, танымдық, қарым-қатынас іс-әрекеті) **5.Еркін ойындар.**
Серуеннен оралу	**Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	**Гигиеналық шаралар:**Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу» **Кезекшілердің жұмысы**: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. **(сөйлеуді дамыту-қарым-қатынас іс-әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	**Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.** Тамақтанғаннан кейін мен балаларға дәретхана бөлмесіне баруды ұсынамын. **Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** Тәрбиеші: - Балалар, біз бүгін сіздермен жақсы ойнадық, жаттығып, серуендедік, енді сіздермен бірге демалып,				

	жаңа ойындар мен білім алу үшін күш алатын уақыт келді. Балалар, орындықтарыңды алыңдар, оларды кілемге қойып, шешініңдер. Сендердің барлықтарың киімізді орындықтарға калай кою керектігін есте сақталыңдар ма? Балаларға орындықтарға тәртіппен киімдерін шешуге, кезекшілерге көмектесуге кенес беріледі. **«Сиқырлы жол» ойыны. (дене шынықтыру-дене қозғалысы)** Шарты: Массаж төсеніштерінен ақырын, шуламай өту. «Сиқырлы жолмен» өткен балалар төсектерге жақындайды, төсектерін мұқият ашып, жатып, калған балаларды күтеді. Балаларға төсекке ыңғайлы жатуға, көрпенің үстіне колдарын коюға көмектесу. **«Жұлдызша» ойыны.** Балалардың назарын бүгін жақсы ұйықтайтындарына, себебі жастықтың астына кішкентай жұлдыз келеді, ол сендердің тілектеріңді орындайды дейді. «Жұлдызша» ойынынан кейін мен балаларға төсектерінде ыңғайлы жатуды ұсыну. - Ал, ертегі уақыты келді. Барлықтарың көздеріңді жұмыңдар, тыңдаңдар және ұйықтаңдар. Мен орындыкка отырамын және «Бауырсақтың арманы» ертегісін окимын. **(көркем әрекет, музыка-қарым-катынас, шығармашылық іс-әрекеті)** **Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	**Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** **Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп коюды үйрету** Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді колыңды, Сүртеді жоныңды. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**
Бесін ас	**Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу** Мен жақсы тамақтандым, Сергекпін, күштімін. Көңіл күйім көтеріңкі, Өзімдіжақсы сезінемін **Бата:** Дастарханың бай болсын, Қазан - ошағын май болсын. Төрт түлігің сай болсын, Көңілің толып жай болсын, әумин. ***(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-қарым-қатынас іс-әрекеті)***

Балалардың дербес іс-әрекеті					**Дидактикалық ойын: «Көп, аз»** Мақсаты: берілген Сан бойынша заттарды табу және атау (математика негіздері – танымдық іс-әрекеті) **«Ғажайып бояу»эксперименттік қызметі** Мақсаты: жаңа реңктерді енгізу арқылы түс схемасы туралы түсініктерді кеңейту (зерттеу іс-әрекеті) **Вернисаж «Менің сүйікті жыл мезгілім»** Мақсаты: табиғи материалдан қолөнер жасау, сурет салу **(танымдық, шығармашылық, бейнелеу іс-әрекеті)**
Балалармен жеке жұмыс					«Ойыншық» туралыәңгіме. Мақсаты: сүйікті ойыншық туралы қысқаша әңгіме құра білу. (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет) Дидар -жапсыру. Бекзат - жеке жұмыс. Қалған балалар топтарға бөлінеді және кіші топтарда жұмыс істейді.

Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.				
Серуен					Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау **(қоршаған ортамен таныстыру, бақылау зерттеу іс-әрекеті)** **Қимылды ойын: «Қоймадағы тышқандар»** Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету. Балалардың қалауы бойынша жеке жұмыстар, еркін ойындар
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті				
Ата-аналарға кеңес, балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				
					Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналарға кеңес: «Балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын тәрбиелеу»

Бекітемін

Меңгеруші

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы

Тобы «Гүлдер-ай» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.09-08.09.2023

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 04.09.2023	Сейсенбі 05.09.2023	Сәрсенбі 06.09.2023	Бейсенбі 07.09.2023	Жұма 08.09.2023
	1 санымен таныстыру Балалар 1 санына назар аударайық. Ол бір қысқа және бір ұзын таяқшадан тұрады. Қанекей ауада жазып көрейік. 1 саын тауып,бояу.**Сурет салу** "Бірді жаз" 1 санын әртүрлі тәсілмен жазу 1 топ: Сіріңкемен 1 санын жазу 2 топ: Түсті қағаздан 1 санын жазу 3 топ: Ермексаздан 1	Бағдаршамда неше көз бар? — Үш көзі бар. — Жұлдыздың неше бұрышы болады? — Бес бұрышы болады. — Аспанда неше күн бар? — Бір күн бар. — Адамда неше көз бар? — Адамда екі көз бар. — Дұрыс, балалар, біз бірінші тапсырманы	3 санының жүргізу 3 саны неге қандай заттарға ұқсайды? **Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен танысу** 3 санына түрлі түсті қағаздан жабыстыру.**Жапсыру** Ермексаздан 3 санын жасау.**Мүсіндеу** пазлмен жұмыс.**Құрастыру**	*Іздегендер табады,* *Зер салса егер мынаған.* *Тура «4» боп қалады,* *Орындықтар құлаған* **Көркем әдебиет** *«4» санына байланысты түсініктер беру:* *4 түлік мал (атап өту), 4 жыл*	Балалар мен шапалақ соғамын, неше рет сокқанымды тыңдаңдар да сонша таяқша көрсетіңдер 4 рет қол шапалақтайды Неше таяқша шығардыңдар? 4Дұрыс 5 болу үшін неше таяқша көрсету керек? 1 Дұрыс , бүгін сендермен 5 санымен танысамыз 1-5 ке дейін заттар аркылы санату. Санын атату, Санап болған сон Тәрбиеші балалар

	санын жазу **Шығармашылық дағдылар** Бір дегенім бірінші, Тұрды ол қатарда. Көтеріп ап санауды, Бастайды ол сануды. **Көркем әдебиет** 1 санына пазл құрату **Құрастыру әрекеті**	орындадық **Қоршаған ортамен таныстыру** Мына сандардың алдында қандай сандар тұрады? **Математиканегіздері** 2 санын тап **Танымдық дағыдлар** 2 саны неге ұқсайды?әңгіме.**Қоршаған оратмен танысу,сөйлеуді дамыту**		*мезгіл (атап оту), шаршының* *4 қабырғасы, машинаның 4 доңгелегі, т.б.* **Қоршаған оратмен танысу** 4 саны қандай затқа ұқсайды.**Сөйлеуді дамыту.** *4 санына байланысты есептер шығару.* *3қонға 1 қоянды қосқанда 4 қоян болады.* *2 түлкіге 2 түлкіні қосқанда 4 түлкі болады.* *1 кірпіге 3 кірпіні қосқанда 4 кірпі болады* **Математика негіздері**	терезе нешеу? Қәнекей 4 ұл тұрсыншы, жарайсыңдар енді 5 қыз тұрсыншы. Тамаша неше ұл тұрды? Неше қыз тұрды? 1-5 ке дейінгі сандарды тура және керісанату. **Сөйлеуді дамыту** Қай суретте 5 зат тұрса сол суретті бояу. Дәстүрден тыс әдіс 5 саусақ. **Сурет салу іс-әрекеті** **Саусақ жаттығуы Мнемокесте** Бір саусағым тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине колға ілікті. Үш саусағым орайды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ, Қала салсақ, жол салсақ. **Қазақ тілі,көркем әдебиет** Мозайка құрату 1-5 дейінгі сандар арасында. Әр баланы жеке жеке шақырып, кез келген бір санды алып құратады. Суретте не тұрғанын , санын айтады.**Құрастыру әрекеті**
Серуенге дайындық	Киіну Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.**Өзіне – өзі қызмет ету дағдылары**				

Серуен	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тындау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**.				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдеметін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағды.ар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	1 санына түрлі түсті қағаз жабыстыру **,жапсыру** Ермексаздан 1 санын жасау.**Мүсіндеу** 1 саны неге ұқсайды,қандай заттарға?**Қоршаған ортамен таныстыру**	2 санын жүргізу жасыл түсті қағаздан 2 санына жабыстыру,**Жапсыру** 2 санын ермексаздан жасау.**Мүсіндеу әрекеті** пазл құрау.**Құрастыру әрекеті**	Екіліктен кейін қарандар 3-саны шықты жарандар Үшінші орын тұрағы 3-ілмектен тұрады **Көркем әдебиет** 3 саны сандық қатарда 2 санынан кейін тұрады.1-дің көршісі 2.2-нің көршісі-3 екен балалар. Кері санау . **Математика негіздері**	Ермексаздан 4 санын жасау,Мүсіндеу пазлменойын.**Құрастыру** 4 санының юөліктерін қарындашпен бояу **Сурет салу. қолымен немес қарындашпен жүргізу**	Луллий шеңбері «заттың санымен сәйксетендіру» Сан мен затты сәйкестендіреді, заттың атын атайды. **Қоршаған ортамен танысу,математика негіздері** 5 санының қиындыларына ермексаз жабыстырады.**Жапсыру,мүсіндеу** 5 дөңгелектен секіру,санап отыру.**Дене шынықтыру,физикалық қасиеттері** Асықтарды санау,жеңімпаз топты анықтау

Балалармен жеке жұмыс	4-5 ағаштың түрлерін, бұталарды, шөптесін өсімдіктерді, гүлдерді, жидектерді, саңырауқұлақтарды, көкөністер мен жемістерді атауды үйретемін.	Сан есімдерді ретімен атайды, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде байланыстыруды үйрету.	Екеуден, үшеуден қатарға қайта тұруды үйретемін.	Бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, сурет салуды үйрету.	Кеністікті және уақытты бағдарлауды үйрету.
Серуенге дайындық	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары**				
Серуен	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналарға кеңес:Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Кешкі ертегі, балалар қалауымен Бала өмірдегі отбасының маңызы туралы әңгімелесу	Ата-аналармен балаларының тазалығы туралы әңгімелесу	Психологтың кенесі Егер ата аналары дүкенне ойыншық әпермеген жағдайда,өзін қалай ұстау қажет.	Балалардын балабақшаға кешікпей келуі туралы ата-аналарға ескерту.Келерде бетперде киіп келуін сұрау

Бекітемін

Меңгеруші

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Тобы «Гүлдер-ай» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жас

Жоспардың құрылу кезені 19.02-23.02. 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 19.02.2024ж	Сейсенбі 20.02.2024ж	Сәрсенбі 21.02.2024ж	Бейсенбі 22.02.2024ж	Жұма 23.02.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б)	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу	Көңілді күн әнімен қарсы алу	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме**:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме**: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Қояндар мен қасқыр» орыс халық ертегісі **Мақсаты:** Ертегіні әңгімелеп бере алады **Коммуникативтік дағдылар**	Балалармен әңгімелесу: «Қыс мезгілі». **Мақсаты:**қыс мезгілі туралы атап, әңгімелейді **Әлеуметтік**	«Сүйікті қуыршағым» туралы әңгіме **Мақсаты:** Мультоптама көру **Әлеуметтік дағдылар**	«Супермаркет» **Мақсаты:** Рольге бөлініп ойнайды **Әлеуметтік дағдылар**	Санамақ жаттау Бір дегенім - белін, Екі дегенім- егін, Үш дегенім - үкі, Төрт дегенім - төл, Бес дегенім - бекіре, Алты дегенім - адам,

		дағдылар			Жеті дегенім - жеміс, Сегіз дегенім - сен, Тоғыз дегенім - тоң, Он дегенім - он, Он бір болады одан соң. **Коммуникативтік дағдылар**
Таңертеңгі жаттығу	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.**Шығармашылық дағдылар**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру **ЖДЖ:** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа	**Музыка** Әуеннің көнілді сипатын қабылдауға үйрету	**Дене шынықтыру** допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1.Допты қақпа арқылы домалату. 2.Қос аяқтап алға секіруді бекіту. **Ойын:** «Көжектің үйі» ойыны. **Қорытынды:** «Допты үрлеу» тыныс алу	**Музыка** музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау **Қазақ тілі** Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.	**Дене шынықтыру** допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). Допты шағын төбешіктен домалату; допты тәрбиешіге, балаға домалату және лақтыру; допты алға, жоғары лақтыру, бала кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыру. Достық қарым-қатынаска тәрбиелеу. **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып

көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму.		жаттығуын жасау.		аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою
-Балаларға ағаштардың суреттерін көрсетеді.Балалар ағаштың түрлері өте көп.Олар – емен, қайың, үйеңкі, терек, шырша, жеміс ағаштары. Ағаш- тардың көп болғаны пайдалы, олар ауаны тазартады,жазда көленке болады.Ағаштарды орынсыз сындыр- май, түбін тазалап отырса олар әдемі болып өседі.Мына суретке қараңдар- шы, топырақ ағашты берік ұстап тұрады, ал мынау – діңі.Діңінен жан- жағына бұтақтары таралған. Бұтақтар- ында жапырақтар өседі.Өсімдіктерді, ағаштарды адамдар күтіп баптайды, түбін қопсытып су құяды.Сонда өсімдіктер жақсы болып өседі.Бау – бақшала өсетін өсімдіктерді адамдар өздері егіп әнімін пысканда жейді.	ағаштар – ең үлкен өсімдіктер. Олар көп жыл өмір сүреді. Ағаштардың діңі болады. Бұталардың бойы ағаштардан төмен болады. Олардың бірнеше жіңішке сабақтары болады. Діңі болмайды. Ең кішкентай өсімдіктер – шөптер. Олардың сабақтары жіңішке. Олар ұзақ өмір сүрмейді.**Қоршаған ортамен танысу** Ағаш....(өсиет әңгіме) **Көркем әдебет** Ағаш жапырақтарын санау 5 ке дейін **Математика негіздері** Тікен – тікен тік пісте,---------- ---------- ------ Қысы – жазы бір түсте. Ол не?(шырша) Слайдтан шыршамен балкарағайдың суретін шығару. -Ендеше балалар	Тәрбиеші балаларға саяхатқа баратындарын хабарлап, жиналуларын сұрайды. Балалар алма бақка барганша бірнеше кедергіден өтеді. Жерге сызып жасалған (ирек жіптен) бұлақтан өту керек -Ал, енді біз бұлақтан қалай өтсек екен, аяғымыз су болып қалмасын. Тәрбиеші балаларға ой тастап, жердегі «бұлақты» (ирек жіпті) аттап өткен тәрізді қимылдар жасайды. Балалар барлығы бұлақтан аттап өтеді. - Қәне балалар саяхатымызд одан әрі жалғастырайық. **Қоршаған ортамен танысу** Бақтан бағбан шығып: - Балалар маған тақпақтар айтып берсеңдер сендерге бақтың қақпасын ашамын. Балалар көктем мезгілі, алма ағаштары туралы тақпақтар айтып береді. Бағбан балалардың өнерлеріне тәнті болып бақтың қақпасын ашады. Балалар бақка кіріп көптеген ағаш түрлерін көреді.	Ыбырай атамыздың « Бақша ағаштары» деген әнгімесін, қызықты етіп әнгімелеп берейін. - Бір күні атасы мен баласы екеуі жеміс ағаштарын аралап жүреді. - Баласы атасынан сұрайды. - Мына ағаш неліктен тіп - тік, ана біреуі неге қисық өскен? Деп - Атасы оның себебі балам ағашқа уақытылы су құйып, жерін қопсытып, бағып - қағумен өсірген – деді. - Олай болса бағып - қағып күтуде, табиғатты қорғауда үлкен мән бар екен ғой деп ойлайды - баласы. Міне осы жерде «бағып - қағып» сөзін теренірек түсіндіру. Ал сендер қалай ойлайсыңдар.? Әр баланың жауабына, сөз қорына, тіл байлығына мән беру. - Сонда балалар, ағаштың өсуіне, жемістің пісіп жетілуі үшін ең бірінші не қажет екен? Күннің сәулесі. Жылу. Құнарлы топырақ Су, аялы алақан. Ендеше біз табиғатты қалай қамқорлыққа аламыз? Табиғатты қорғаймыз Ағашты сындырмаймыз Жапырағын баптаймыз	Мен сендерге жұмбақ жасырамын. Дайынсыңдар ма? Әрі қызыл, әрі тәтті, Таткан жанды таңырқатты. (Алма) Бақшада өседі көп Өнімдерін береді (Көкөніс) **(Сөйлеуді дамыту,көркем әдебет, коммуникативтік дағдылар)** -Қияр, сәбіз, қызылша, картоп, пияз, қызанақ-көкөністер. Алма,алмұрт, жүзім, мандарин- жемістер. -көкөністер қайда өседі екен? -Жемістер қайда өседі? Балалар жауап береді. Балалар суреттерге қарап айтып беруге тырысады. Себетте қандай көкөністер мен жемістер бар екенін балалар атап айтады. Балалар жауап беруге-Көкөністердің құрамында қажетті дәрумендер өте көп. Күнделікті өмірде көп пайдаланылатын көкөністердің бірі-қияр мен қызанақ. Қиярдың түсі қандай? -Қиярдың түсі жасыл болады. Пішіні сопақша түкті болып келеді. -Қызанақ –қызыл

	Мысалы: мынау алма ағашы, алма ағашында көптеген алмалар өсіп тұр. **Қоршаған ортамен танысу** Көше бойы аралас Қаптап өскен қара ағаш. Жемісі жоқ болса да , Саясы көп дара ағаш . **Көркем әдебиет** «Батады-батпайды» -Балалар сендер қалай ойлайсыңдар,ағаш суда батады ма,батпайды ма? -Ендеше сендермен тәжірибе жасап көрейік Қолдарына тасты алыңдар суға салыңдар -Не байқадыңдар? (тас батып кетті) -Енді қолдарыңа ағаш кесегін алыңдар суға салыңдар Ағаш жайында не айтуға болады? Ол батты ма ,батпады ма? (тәжірибе жасап,балалар шешім шығарады:ағаш жеңіл,су бетінде қалқып жүреді). -Ия балалар ағаш суда батпайды екен. **Зерттеу әрекеті,коршаған оратмен**	сіздер осы шыршаның суретін салғыларың келеме? -Суретімізді салмас бұрын барлығымыз бойымызды жазып серігіп алайық. -Шырша қылқан жапырақты ағаш. Шырша таулы аймақтарда, орманды үлкен қалаларда өседі. Шыршалар биік, орташа, аласа болады. Жылдың төрт мезгілінде де өседі. Шыршаларды кесуге болмайды. Олар ауамызды тазартып, табиғатымызға көрік беріп тұрады. -Балалар сурет арқылы шырша мен қарағайды ажыратады. Бұл балқарағай. Ол шыршаға өте ұқсайды.Осындай балқарағайлар біздің жақта өспейді.Балқарағай тек басқа жылы елдерде өседі..Балқарағай-ғажайып ерекше ағаш . -Балқарағай шипалы ауа береді,қысы-	Алма бақта барайық, Алма жинап алайық. Ең үлкенін дәмдісін, Әжемізге сыйлайық **Көркем әдебиет** Тәрбиеші бақта өсіп тұрған «алма ағашы» гүлдерінің түсіне, пішініне балалардың назарын аударады. Балалар «Алма ағашы гүлдеді» тақырыбындағы суретке қарап, мазмұны бойынша байланыстыра сөйлем құрайды.**Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі**	Жемістерін баптаймыз. т. Б Қоршаған ортамен **танысу,сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет** «Дәм татайық ойыны. Ойын шарты: дөңгелене тұрып, көздерін жұмып тұрады, Бағбан атай әкелген жемістерінен дәм татқызады, ал балалар оны дәміне қарап ажыратып айтып береді.**зерттеу іс әрекеті** жапырақтарды орналастыр ойыны **Жапсыру** **жасыл түсті ермексаздан ағаш қиындылары орналастыру.Мүсіндеу**	түсті көкеніс. Қызанақтың пішіні дөңгелек. Олар бақшада өседі. -Алма, алмұрт олар жемістер. Алманың түсі қызыл, пішіні дөңгелек. Жемістер бақта өседі.Жемістер мен көкеністерді таптамай жұлмай күтіп баптап ұстау қажет(**Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту,коммуникативтік -әлеуметтік дағдылар)** Салыстыру ойыны Аз және көп жемістер мен көкеністерді салыстыру.**(Математика негіздері)**

	танысу,сөйлеуді дамыту	жасы түсі жасыл болады. -Мine қарағайдың жапырағы қылқан деп аталады, жіңішке ине тәрізді .Тұқымын бүршік деп атаймыз, олар жерге түсіп-өніп өседі екен .Сонымен қатар қарағай ағашы өте ақырын жылдар бойы өседі,күзде оның бүршіктері үлкейген кезде жинап одан әр түрлі дәрі-дәрмек жасайды. Оның құрамында дәуірмендер өте көп.Қабығы аршылған жерінен шайыр ағады,оны адамдар желім ретінде пайдаланған.Қараңдаршы,қарағай бізге қанша пайда береді,ал олар бізден қамқорлық күтеді. -Балалар ағаштардың пайдасы өте көп екен. - Балалар сендер шырша туралы не білесіңдер? Қандай мерекеде шыршаны қолданамыз? -Дұрыс-ақ,жаңа жыл мерекесінде бізге кім			

		сыйлық алып келед? -Аяз атаға сендердің айтқан өлеңдерің,билерің өте катты ұнаған екен,сол себептен сендерге мына шырша ойыншықтарын сыйға беріп кеткен болатын. **Қоршаған оратмен танысу ,сурет салу**			
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін кадағалау, катармен жүруге дағдыландыру.**Өзіне – өзі қызмет ету дағдылары**				
Серуен	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека
Серуеннен оралу	Топка оралу кезінде катарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын калыптастыру.Тәмақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды калыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар).**				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы басқа әрекеттер)	Әнуарбек Дүйсенбиетің «Қыс» өлеңін айтып орманға барайық. (орман бейнесі бейнеленген аланқайға бару) Аппақ, аппақ жапалақтап Қар жауады тынбастан	**«Шырша мен балқарағайды безендір»** -Бірақта мына қорапшада шырша ойыншықтарымен бірге балкарағайдың да бүршіктері де бар екен,сол себептен	Тәрбиеші балалармен «саяхаттан» оралысымен, гүлдеп тұрған алма ағашын балалардың өздері салуларын сұрайды. Балалар тақырып бойынша алдымен алма ағашын салулары керек, одан кейін олардың бүршіктеріндегі	шырша ағашына ермексаз жабыстыру және неше қиынды екенін санау.**Мүсіндеу.математика негіздері** Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке	Шығармашылық жұмыс 1 ші топ жапсыру 2 ші топ сурет салу 3 ші топ құрастыру 4 ші топ мүсіндеу **(Жапсыру,сурет салу,құрастыру,мүсіндеу, шығармашылық дағдылар)**

	Қалың орман қар жамылған Маужырайды қыскы орман -Орманда нелер болады? -Мынау қандай ағаш? -Орман ауасы қандай таза, кане, терең тыныс алайық. -Қар қалай жауады? (кимылмен көрсетеді) -Қар қандай болады? -Қар неге ұқсайды екен? (ақ мақтаны алып алақандарына салып үрлейді) -Дұрыс балалар қар, әдемі өрнектелген жұлдызшаға ұқсайды екен. (Орманнан қайтып, орындарына келіп бағанадан бері көрген, байқағандарын енді қағаз бетіне түсіреді) «Қар жамылған ағаш» бейнесін саламыз.**Көркем әдебет,қоршаған ортамен танысу,** **Жұмыс барысы үлгіге карап түсіндіріледі:** -Қылқаламды алып, қоңыр түсті гуашпен ағашты саламыз. Ағаштың жуан дінін, төменнен жоғары қарай салып, қар жамылған бейнені ақ гуашпен саламыз. Қар жауып	шырша ойыншықтарын шыршаға,ал балқарағайдың бұршіктерін балқарағайға жапсыруларын қажет.	гүлдеп тұрған әдемі гүлдерді салулары керек **Сурет салу,** алма ағашын жабыстыру.**Жапсрыу әрекеті** Алмаларды 1-5 ке дейін тура және кері санау.**Математика негіздері** жасыл және қоңыр қағаздан қтылған алма ағашының бейнесіне ермексаздан алма жасап,жабыстыру **мүсіндеу**	айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. **Құрастыру әрекеті**	Биік-бнік ағашта(*Қолдарын жоғары созады),* Алма өсті көп болып.(*Маңдайын алақанымен көлегейлеп,жоғары қарайды*). Шелек, себет алдық та,(*Екі білегіне шелек, себетті ілгендей қимыл жасайды).* Бакка бардық топ болып.(*Бір орнында жүреді*). Алма бакка барамыз,(*Бір орнында жүреді, қолдары белдерінде*) Алма теріп аламыз,(*Қолдарын жоғары созып, алманы жұлғандай қимыл жасайды*). Ең үлкен алманы(*құлаштарын сермеп, алманың үлкендігін көрсетеді*). Анамызға сыйлаймыз.(*алманы ұсынып жатқан қимылды жасайды*). **(Қимылды ойын,дене шынықтыру,физикалық қасиеттері)** Көгөністер әнін қосу **(Музыка,шығармашылық дағдылар)**

	тұрған сәтті шашырату әдісімен салып көрсету. **сурет салу** пазмен ойын, неше ағаш құрағандарын және бөліктерін санау. **ҚҰрастыру,математика негіздері**				
Балалармен жеке жұмыс	Дауыс күшін өзгертіп, түрлі интонацияда дыбыстауды үйрету	Театрландырылған қойылымды дайындау барысында ересектермен және құрдастарымен өзара әрекет етуін үйретемін.	Кескішпен түрлі безендірулер жасауды үйрету.	Үлгі бойынша пішінін, пропорциясын ескере отырып, сурет салуды үйретемін.	Кеністікті және уақытты бағдарлай алуды үйрету.
Серуенге дайындық	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары**				
Серуен	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека
Балалардың үйге қайтуы	Дұрыс тамақтану ережелері.	Кеңес «Егер бала бұзық болса»	Ата-аналарға кеңес: «Отбасындағы өзіндік ережелер»	Ата- аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу.

Бекітемін

Меңгеруші

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Тобы «Гүлдер-ай» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жас

Жоспардың құрылу кезені 26.02-01.03. 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 26.02.2024ж	Сейсенбі 27.02.2024ж	Сәрсенбі 28.02.2024ж	Бейсенбі 29.02.2024ж	Жұма 01.03.2024ж
Балаларды қабылдау	Көңілді күн әнімен қарсы алу	Конакка келген қуыршақпен қарсы алу	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістіктері пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	**Ата –аналармен әңгіме:** «Дұрыс тамақтануға баулу»	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Дыбыс арқылы санды тап» **Танымдық дағдылар**	Ертегі ойыны: «Қасқыр мен жеті лақ» ертігіні еске түсіру, қайталау. **Коммуникативтік дағдылар**	Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерді тап» геометриялық пішіндерді тауып, топтастыра білу. **математика негіздері**	Дидактикалық ойын: «Жануарлар қалай дыбыстайды» Жануарлардың дыбыстарын сала білу. **Коммуникативтік дағдылар**	Дидактикалық ойын «Кімге не керек?» мамандық иелерін атай білу. **Коммуникативтік дағдылар**
Таңертеңгі жаттығу	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына мазмұндық композициялар құру				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1.Бірнеше доға астынан еңбектеу. 2. Допты қақпа арқылы домалатуды қайталау. **Ойын:** «Апандағы аю» ойынын ойнау. **Қорытынды:** «Денені	**Музыка** Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету,	**Дене шынықтыру** допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; **ЖДЖ:** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшыменжүгіру. **Ойын:** «Маған қарай еңбекте» ойынын ойнау. **Қорытынды:** Тыныс алу жаттығуын орындау.	**Музыка** музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау **Қазақ тілі** Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу Тасты жарып гүл шықса, Күнге қарай ұмтылар. Топты жарып ұл шықса, Шыңға қарай ұмтылар.	**Дене шынықтыру** допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. **Ойын:** «Қояным, қояным тұршы» ойынын ойнау. **Қорытынды:** «Бокс» тыныс алу жаттығуы

	еркін ұста» баяу әуен ырғағымен демалу.				
	Балалар көзімізді жұмайықшы. /Балалар көздерін жұмады/ Көздерін ашқанда «Қысқы орманға« келеді. №2 Слайд Үнтаспадан құстардың дауыстары естіледі. Балалар ненің даусы естікші. - Құстардың. - Құстардың даусы шыққан жаққа барайық. Балалар таңғалып тыңдайды - Біз қайда келдік? - Қысқы орманға. - Орманда қандай жануарлар мен аңдар мекендейді? - Құстардың неше түрі болады? /үй және дала құстары/ - Үй құстарын атап беріңдерші / тауық, каз, үйрек, күркетауық/ - Үй құстарын адамдар қайда ұстайды? /үйде, корада/ - Үй құстары адамдарға не береді? - Ал, адамдар ше? /жем, бидай, дән, су/ - Қысқы орманда қандай құстар қалыпты? - Суыққа шыдамды құстар қалыпты.	ҚАРҒА – қара немесе сұр қауырсынды тамақ талғамайтын, еті арам құс. Кез келген тамақты көрек ететін құстардың бірі. Қар астында қатып қалған төгінділерді өткір тырнақтарымен тырнап босатып, мықты үшкір тұмсығымен шоқып көректенеді.**Қоршаған ортмен таныстыру** санмен сәйкестендіру,**математика негіздері нейро жаттығу танымдық дағдылар** Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта Жем шашуды ұмытпа! **Көркем әдебиет** Құстар болмай қалса не болады? Апат болады. Ормандар, далалар үнсіз қалады. Құстар туралы жаңа	Балалар, бізге қандай құс ұшып келді? Еркін самғап ұшсын деп, Мәпелейміз баптаймыз. «Бейбітшілік құсы», - деп Қайсы құсты мақтаймыз? Балалар: Көгершінді. Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар. КЕПТЕР – басы кішкентай, тұмсығы түзу, сирағы қысқа құс. Кептердің қолға үйретілген түрін халық арасында “көгершін” деп атайды. Өсімдік тұқымымен, астық тұқымдарының дәнімен көректенеді. Кептер қала, адамдарға жақын мекендейді.**Қоршаған ортамен таныстыру** балалар дайын көгершін құсының денесін аппақ мақтамен сәндеу.**Жапсыру** Ақ көгершін, көгершін, Қолғанат құс сен едің Бар кезіп қайт ел үшін Кең дүниенің көлемін **Көркем әдебиет** дайын көгершіннің суретіне бас жағына ақ ермексаздан дөңгелек жасап жабыстыру.**Мүсіндеу** сыңарын тап ойыны **Әлеуметтік дағдылар**	ТОҚЫЛДАҚ – ұзын тұмсығы бар, құйрығы ұзын, аяқтары қысқа ,түсі шұбар, өте жылдам қимылдайтын еңбекқор құс. Ағаштардың қабықтарының арасындағы бунақденелілермен көректенеді. Қар үстіне түскен қалдығын торғайлар теріп жейді. Осылай өзге құстарға да жемін табуына көмектеседі. Өте суық, аязды күні адам тұрағына жақын келеді.**Қоршаған ортамен танысу** Тоқылдақтың суретін бояу **Сурет салу (құстардың дауысы естіледі)** - Балалар, бұл ненің дыбысы болды екен? Ия, құстардың дыбысы әр түрлі болады екен. Олар түрлеріне қарай әр түрлі сайрайды. Мен сендерге осы құстардың сайрауы туралы бір әңгіме айтып берейін. Сендер жақсылап тыңдаңдар. Әке құстар ана құстарға ән айтып береді екен. Құстардың да ата-аналары болады. Қауіп төнген кезде аналары шырылдап балапандарына ескертеді екен. Ал балапандары өздерінің тамақ жегісі келетінін шиқылдап аналарына білдіреді. Құстар құрт-құмырсқаға таласқанда	САУЫСҚАН-/ – ала қанатты, ұзын құйрықты құс. Ол өте сақ. Ерекшелігі – жалтыр, әшекейлі заттарға әуестігі. Оның ұғымталдығы да соншалық – кәдімгі қараторғай мен тоты секілді, адамның айтқан сөзін жаттап алады. Кез келген тамақты көрек етеді **Қоршаған ортамен танысу** ***Сауысқан мен көкек ертегісін суреттер арқылы көрсетіп түсінік беру.*** *Ертегі желісі бойынша сұрақ-жауап.* *Сауысқан мен көкек қайда өмір сүрді?* *Көкек күнде не керек деп мазасызданды?* *Сауысқан не істеді?* *Көкек айқайлап бергеннен не тапты?* *Санымен қайсысы ұя салады?* ***Ертегіні сахналау.*** *— Баланың өз ойымен түсінгенін айта білуі.* ***3. Дид.ойын: «Атын ата»*** *Ертегіде кездескен кейіпкерлердің аттарын атау.* *Жағымсыз, жағымды кейіпкерлерді ажырата*

	- Ал, қалған құстар қайда? - Дұрыс айтасыңдар, олар жылы жаққа ұшып кетті. Оларды "Жыл құстары" деп атаймыз. Ал, енді олар неге ұшып кетеді деп ойлайсыңдар? - Салқын түскенде құстардың жемі азаяды, суыққа төзімсіз. - Ал, енді суықторғай, торғай, қарға, сауысқан, тоқылдақ т. б. сияқты «... жылы жаққа ұшпайтын, біздің жақта қыстайтын» құстарды "Отырықшы құстар" немесе "Қыстап қалатын құстар" дейді. Ал неге бұл құстар қыстап қалады? (суреттерін көрсетіп, атап шығу) Отырықшы құстарға тоқталу. **Қоршаған ортамен таныстыру** құстарға байланысты тыйым сөздерді айтып беріңдерші 1 бала: Құстың ұясын бұзба, балапандарына тиіспе. 2 бала: Құсқа тас лақтырма. 3 бала: Құстардың жұмыртқасын жарма. 4 бала: Құсты атпа.**Сөйлеуді**	өлеңдермен тақпақтар жазылмайды. Зиянды жәндіктермен кеміргіштер қаптап бақтар мен бақшаларды қанырату тастайды. Құрттар, қоңыздар ормандарды кем іріп тастайды. Орман жемістерінің тұқымдарын тарататын ештеңе қалмайды. - Ал ондай болмас үшін біз не істеуіміз керек? (құстарға көмек жасау туралы әңгіме). Жемшашар жасап, ағашқа іліп қоюымыз керек. Жемшашарға құстарға арнап, тағам қалдықтарын тастау керек. **Сөйлеуді дамыту**		айқайлап, шулап кетеді. Басқа дыбыстарды естіген құстар топталып жиналып, жат құстарды өздеріне тиіскізбей қуады. Міне, балалар құстардың осындай қасиеттері бар екен.**Көркем әдебиет** Қағаздан тоқылдақ жасау Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.	*білу*: таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналау; ертегі желісін ретімен орындауға үйрету. **Көркем әдебиет** суреттегі құстарды сана және көлеңкесін тап.**Математика негіздері**

	дамыту,көркем әдебиет Тіл ұстарту жаттығу 1.Ыс-ыс-ыс келіп қалды қыс Үс-үс-үс құстар бізге дос Ос-ос-ос ұшып кетті құс **Қазақ тілі**				
Серуенге дайындық	Киіну. Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, катармен жүруге дағдыландыру **Өзіне – өзі қызмет ету дағдылары**				
Серуен	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека
Серуеннен оралу	Топка оралу кезінде катарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**.				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдеенетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Торғай пайдалы, кішкентай құс. Ағаш қуысындағы зиянкес құрттарды жейді және дәнді дақыл, нан қиқымдарымен қоректенеді. Үй шатырларына немесе ағашқа шар тәрізді ұя салады.**Қоршаған ортамен танысу** ермексазбен	геометриялық пішіндерден қарғанын бейнесін жасау.**Жапсыру,құрастыру** Ермексаздан қарға жасау **Мүсіндеу** Қарғалар оңтүстікке қарап қаркылдаса, Ауа райы жылы болады деген халық	Құстардың ортақ касиеті: қанаты бар, ұшады, тұмсығы бар, шоқиды. Құстардың айырмашылығы: әртүрлі дауыстайды. Құстардың пайдасы: олар ағаштарды зиянды жәндіктерден тазалайды	Суреттен 5 құсты саны,карындашпен корша,атын ата.**Математика негіздері** пішіндерден тоқылдақты құрау және жабыстыру.**Құрастыру,жапсыру**	Ептеп – ептеп жерден бидай терейік Тергеніңді торғайларға берейік. Торғай – торғай томпаң - томпаң секірсін, Ол да біздей үлкен болып жетілсін.**Көркем әдебиет,қоршаған ортамен танысу.** «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер

	жұыс,**мүсіндеу жапсыру.** Ағаштағы торғайларды санау 1-5 ке дейін **Математика негіздері** **торғайдың суретін бояу.Сурет салу**	болжамы бар	Көгершіннің суретін бояу **Сурет салу** Қыс кезінде құс үшін қауіпті жағдай жемнің табылмайтындығы. Қыстап қалатын құстардың түрі, түсі, дене пішіні, жемдерін қар астынан тауып жеуге икемделген. - Бұл құстардың көбі суықтан қорықпайды. Суықтан олардың қалың мамықтары сақтайды (Мамықтарын көрсету) - Біз қай құстардың тапсырмасын орындадық? - Құстардың тіршілігі жайлы не білдік?**Сөйлеуді дамыту**		құрастыру. **Құрастыру**
Балалармен жеке жұмыс	Қыстап қалатын құстарды сұрау	Қарғаның қандай құс екенін сұрай	Тілдік жаттығу жасау	Мақал-мәтел үйрету	Жұмбақтар сұрау
Серуенге дайындық	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,**серуенге арналған құралдарды дайындау,өзіне-өзі қызмет ету дағдылары**				
Серуен	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналарға кенес.Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Кешкі ертегі, балалар қалауымен Бала өмірдегі отбасының маңызы туралы әңгімелесу	Ата-аналармен балаларының тазалығы туралы әңгімелесу	Психологтың кенесі Егер ата аналары дүкенне ойыншық әпермеген жағдайда,өзін қалай ұстау қажет.	Балалардың балабақшаға кешікпей келуі туралы ата-аналарға ескерту.Келерде бетперде киіп келуін сұрау

Бекітемін

Меңгеруші

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Наурыз айы 2024 жыл 1 апта

Тобы «Гүлдер-ай» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жас

Жоспардың құрылу кезені 04.03 - 07.03. 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 04.03.2024ж	Сейсенбі 05.03.2024ж	Сәрсенбі 06.03.2024ж	Бейсенбі 07.03.2024ж	Жұма 08.03.2024ж
Балаларды қабылдау	Көңілді әуенмен қарсы алу	Адай күйімен қарсы алу	Алғыс әнімен қарсы алу	Алдар көсенің қонаққа келуімен қарсы алу	
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Мерекелік іс-шаралар туралы әңгіме	Баланың тәртібі мен дамуы жайлы әңгіме	Баланың достарымен қарым-қатынасы жайлы әңгіме	Баланың көңіл-күйі жайлы әңгіме	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы басқа әрекеттер)	«Қыз куу» Қимылдық ойын **Дене шынықтыру**	Таңертеңгілік шеңбер. «Біз доспыз!» Әр ұлтты құрметтеу. **Әлеуметтік дағдылар**	Тәрбиешіге гүлдерді суаруға көмектесу. **Әлеуметтік дағдылар**	Ойын«Кімнің заттары?»(жақын адамдарының заттарын анықтй алады); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б **Әлеуметтік дағдылар**	
Таңертенгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар **кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				

Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру	**Музыка** Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану .**Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.** Балаларға үйшіктің және қоян, балапан, бақа, күшік, т.б суреттері ұсынылады. **2. Ән айту.** Музыка жетекшісі «Жоғарығы шығымын» деп әндетеді Балалар әуенді қайталап, өздері қалаған суретін басқышпен жоғарыға көтергізеді. Үйшікке жақындап, «Қандай ғажап үйшік?» деп әндетеді. Келесі кезекте	**Дене шынықтыру** Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру	**Музыка** Жеңіл, ырғақпен қозғалу, жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. **.Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.** Балаларға жылдың төрт мезгілі бейнеленген суретті карточкалар таратылады. Шығармаларды тыңдап, мазмұнына , мәтініне сәйкес суреттікарточканы көрсете білу. **2. Музыка тыңдау:** «Ботақан» Әннің мәтінін үйрету. **4. Музыкалық-ырғақты қимыл:** (аяқты топылдату, аяқтан аяққа ауысу, қол шапалақтау, сылдырмақты сылдырлату) **Қазақ тілі** Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс- әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.Қызыл телпек ертегісі	

		терезеден сурет көрсетіліп,бала лар әуенді тыңдап, сәйкес келетін аңдардың , жануарлардың, балапанның, баканың, т.б. суреттерін баскыштармен жүргізіп, үйшікке кіргізеді. Балалар терезеден көрінген суретке қарап, олардың қимыл-қозғалысын салып көрсетеді.			
	Аналар суретіне деген сүйіспеншілік ілулі тұрған ана,әжелердің суреттеріне мұқият қарап,олардың кімді көріп тұрғандарын айтып берулерін сұрайды. -Сендерді кім ұйықтатады? -Сендерді кім еркелетеді? -Сендерді кім жылы сөз айтып жұбатады? -Сендер бәрінен кімді ерекше жақсы көресіндер? -Кім аналар мерекесі туралы біледі? -Бұл мерекеге сендердің отбасыларың қалай	Анамның кітаптары ойыны Кітап кеністікте қалай орналасқан? Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат	Ертеде – Айша, Әлия және Әнел деген үш қыз өмір сүріпті. Айша – ең ұзыны, Әлия - оң жакта тұр, Әнел сол жақта тұр. Қыздардың қайсысының бойы қыска? Ең ұзын қыздың аты кім? Айшадан қысқа қыздың аты кім?Сөйлеуді дамыту заттардың кеністікте орналасы реттілігі мен атын атау.**Қоршаған ортамен танысу** Алақанды соғайық. Оң жақтағы балага,	Жануарлардың да аңдардың да құстардың да анасы болатынын білесіндер иә,Сендерге тапсырма ана коянның кеністікте орналасу бағыттарын ата етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). .**Сөйлеуді дамыту** Үстінде деген ұғымды қалай түсінесің?суретке мұқият қара,үкінің кеністікте орналасу бағытын түсіндір.**Математика негіздері** Оң жақ үстінде қандай сурет тұр? Сол жақта үстінде қандай	

	дайындалады? Бұл балалардың өз ойларын бөлісуге, қуаныш сезімдерін білдіруге мүмкіндік беру.**Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен танысу** Ана мен бала аңыз әңгіме театрландырылған әрекеттің баска да жұмыс түрлерін(саусақ, үстел үсті, көлеңкелі және тағы баска) меңгерту. **Көркем әдебиет** Анама сыйлық Ермексаздан гүл жасау. **Мүсіндеу** Анамның аялы алақаны элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере **Дәстүрден тыс сурет салу** Қыз баланың оң колына себетті,сол колына гүлді сызықпен кос Ұл баланың сол колына шелекті оң колына жалаушаны сызықпен кос.**Математика негіздері**	есімдерді сын есімдермен бәйланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету **Сөйлеуді дамыту** **Математика негіздері,** Үсті толы ине, Бірақ та іс тігіп Қадамайды түйме Жұмбақ жауабы кірпі.Кірпінің үстінде не бар Осы кішкентай кірпінің анасының үстінде не тұр? Алма **Көркем әдебиет,математика негіздері**	Шапалакты соғайық. Сол жақтағы балаға, Шапалакты соғайық.**Көркем әдебиет** ұжымдық жұмыстарды орындау, міндеттемелерді өзара бөлісу Элементтердің ретін, олардың арасындағы аракашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті колданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды бөзендіру дағдыларын дамыту.**Шығармашылық дағдылар** Анаға арналған би ойыны Оң қол сол қол оң аяқ сол аяқпен билеу,он мен солды ажырату **Математика негіздері,музыка**	сурет бар? Сол жак астында және оң жак астындакандай сурет тұр? Беттің тура ортасында ше?**Қоршаған ортамен танысу,математика негіздері** Себеттің ішінде отырған мысықты боя,Мысықтың балғасын қалай атаймыз? Себеттің сыртында орналасқан жіптерді боя,**Сурет салу**	

Серуенге дайындық	Киіну. Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) коюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп коюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**.				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Анаға сый Қағаздан 3 д сыйлық жасау **Жапсыру әрекеті**	Кірпінің анасының үстіне ермексазды орналастыру кеністікте орналасуын атау **Жапсыру, Мүсіндеу,** Анама арналған кәудеше элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып,	Анама арналған оюлар Оң жақта тұрған оюларды қызыл түске Сол жақта тұрған оюларды көк түске Ортасында тұрған оюларды сары түске боя **Сурет салу** **«Жылы сөз айту» ойыны.** Тәрбиеші Ойыншық көжекті көрсетеді.Көжек балалардан анасы жұмыстан келгенде,оны қалай қарсы алу керектігін үйретуді сұрайды.Балалар	Анаммен бірге доп ойнаймыз ойыны Доптың ішіне ермексазды орналастыр **Мүсіндеу,жапсыру** **Желілі-рөлді ойын: «Қызы мен анасы»** Аналары балаларына қалай қамқорлық көрсететінін есгеріне түсіру арқылы ,балаларды рөлдерге бөліп ойнауға шақырады. Тәрбиешінің көмегімен балалар қуыршаққа жылы сөз айтып,ойнайды.Мыс;»Ботка қандай дәмді ,жей гой	

		жазықтықта оюларды орналастыру; қазақ оюларының кейбір элементтерін салу;**Сурет салу**	қуыршақтарына айтқан сөздерін естеріне түсіреді,көжекке көмектеседі **Сөйлеуді дамыту**	қызым,сен менің сүйікті ,ең әдемі қызымсың,жүр, киініп серуендеп келейік..» -Балалар ,сендер аналар туралы әнді ұмытып қалған жоқсыңдар ма? -Жарайды ,онда өзіміз үйренген «Ақ мамам» әнін бәріміз бірге айтып ,үйренейік.	
Балалармен жеке жұмыс	Киіздің суретіне қарап әңгіме құрату	Мерекені қалай түсінетінін сұрау	Топ бөлмесіндегі Кеңістік орналасқан заттарды сұрау	**Ана туралы әңгіме**	
Серуенге дайындық	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,өзіне-өзі қызмет ету дағдылары				
Серуен	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека	Картотека
Балалардың үйге қайтуы	Ата аналарға кеңес:Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Кешкі ертегі, балалар қалауымен Бала өмірдегі отбасының маңызы туралы әңгімелесу	Балалардың балабақшаға кешікпей келуі туралы ата-аналарға ескерту.	Психологтың кеңесі:Егер ата аналары дүкенне ойыншық әпермеген жағдайда,өзін қалай ұстау қажет.	

Бекітемін

Меңгеруші

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Тобы «Гүлдер-ай» ересек тобы

Балалардың жасы 4 жас

Жоспардың құрылу кезені 01.04-05.04. 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.04.2024ж	Сейсенбі 02.04.2024ж	Сәрсенбі 03.04.2024ж	Бейсенбі 04.04.2024ж	Жұма 05.04.2024ж
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту	Үш түрлі смайликмен қарсы алу	Балалық шақ күйімен қарсы алу	Көңілді күн әнімен қарсы алу	Ертегілер кейіпкерлерімен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу

